

**«Кемел кәсіби даму  
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu  
ortalygy LTD»**

**«Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру:  
оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу»  
біліктілікті арттыру курсының  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 72, 80 ақ.сағ.**

## Алматы 2026

### 1. Жалпы ережелер

#### Курс аннотациясы

«Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру: оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыларды үй жағдайында оқыту процесін тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, бағалау және құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарлама үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысатын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге, оның ішінде пән мұғалімдеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына арналған.

Курс мазмұны үйде оқытудың нормативтік-құқықтық негіздерін, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, ата-ананың өтініші, мектепішілік бұйрық, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын іске асыру, жеке оқу бағдарламасын құрастыру, сабақ кестесін жасау, ҚМЖ әзірлеу, сараланған тапсырмалар дайындау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, мониторинг жүргізу және құжаттаманы рәсімдеу мәселелерін қамтиды.

Бағдарлама практикалық бағытқа негізделеді. Курс барысында тыңдаушылар үйде оқытылатын білім алушының оқу процесін ұйымдастыру алгоритмін, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары бойынша шешім қабылдау жолдарын, сабақ жоспарын әзірлеу, тапсырмаларды бейімдеу, бағалау мен мониторинг жүргізу және үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу тәсілдерін меңгереді.

#### Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстан Республикасында денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушылардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету, үйде жеке оқытуды нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру және оқу процесін білім алушының жеке мүмкіндіктеріне қарай жоспарлау педагогтердің жаңа кәсіби құзыреттерін талап етеді.

Үйде оқыту — білім алушыға жеке сабақ өткізумен ғана шектелмейтін, оқу процесін кешенді жоспарлауды, ұйымдастыруды, бағалауды және құжаттамалық қамтамасыз етуді қажет ететін ерекше педагогикалық жағдай. Бұл бағытта директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер, ППҚҚ мамандары және ата-аналар өзара байланыста жұмыс істеуі тиіс.

Практикада педагогтер мен білім беру ұйымы мамандары келесі мәселелер бойынша жиі қиналады:

- үйде оқытуға арналған үлгілік оқу жоспарларын дұрыс тандау және оқу жүктемесін бөлу;
- жеке оқу жоспары, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасының айырмашылығын түсіну;

- оқу бағдарламаларын білім алушының мүмкіндігіне сәйкес іске асыру;
- жеке оқу бағытын жоспарлау және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу;
- үйде оқытылатын білім алушыға арналған сабақ кестесін талаптарға, оқу жүктемесіне және ата-анамен келісімге сәйкес жасау;
- ҚМЖ мен сабақ тапсырмаларын үйде оқыту жағдайына сәйкес әзірлеу;
- оқу мақсаттарын даралау, тапсырмаларды жеңілдету және білім салалары бойынша қолжетімді оқу материалдарын дайындау;
- қалыптастырушы бағалау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу;
- бағалау критерийлері мен дескрипторларды дұрыс құрастыру;
- оқу жетістіктерін мониторингтеу, тоқсандық және жылдық есеп дайындау;
- үйде оқыту бойынша құжаттаманы дұрыс рәсімдеу.

Осы кәсіби қиындықтар бағдарламаның өзектілігін айқындайды. Ұсынылып отырған курс үйде оқытуды ұйымдастыруда туындайтын нақты практикалық сұрақтарға жауап беруге, педагогтердің нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, бағалау және құжаттамалық құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

### **Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы**

«Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру: оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы басым бағыттарымен тікелей байланысты. Бағдарлама денсаулық жағдайына байланысты білім беру ұйымына тұрақты бара алмайтын білім алушылардың сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, олардың жеке мүмкіндіктері мен оқу қажеттіліктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыруға бағытталған.

Мемлекеттік деңгейде әрбір баланың білім алу құқығын қамтамасыз ету, оқыту жағдайларын даралау, білім беру бағдарламаларын білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай бейімдеу және қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Білім беруді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасында (ҚР Үкіметінің 28.03.2023 жылғы №249 қаулысы), сондай-ақ білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған.

Үйде оқытуды ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығы ерекше маңызға ие, себебі дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы денсаулық жағдайына байланысты үйде оқытуды ұйымдастырудың медициналық негізін айқындайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін, пәндер көлемін және білім беру деңгейіне сәйкес оқу процесін жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарымен, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды реттейтін №125 бұйрықпен, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын белгілейтін №4 бұйрықпен, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын реттейтін 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрықпен және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартымен байланыстырылады.

Халықаралық деңгейде бағдарлама Қазақстан Республикасы ратификациялаған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының, БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының, әсіресе 4-мақсат — сапалы білім беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның тең қолжетімді және сапалы білім беру жөніндегі ұсынымдарының қағидаттарына сәйкес келеді. Бұл құжаттарда білім алушылардың денсаулық жағдайына, даму ерекшеліктеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, сапалы білім алуға құқығы, білім беру жағдайларын бейімдеу және жеке қажеттіліктерге негізделген қолдау көрсету қажеттілігі ерекше атап өтіледі.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде үйде оқыту тек медициналық себеппен мектептен тыс оқыту формасы ретінде ғана емес, білім алушының жеке оқу маршрутын құру, оқу материалын бейімдеу, отбасымен серіктестік орнату, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, қашықтан оқыту элементтерін енгізу және қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру үдерісі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты бағдарлама педагогтердің нормативтік-құқықтық, әдістемелік, бағалау, құжаттамалық және цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталады.

Осылайша, бағдарлама мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарымен, үйде жеке оқытуды ұйымдастыруға қойылатын нормативтік талаптармен және әлемдік білім беру трендтерімен толық сәйкес келеді. Бағдарлама үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысатын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППКҚ мамандары үшін оқу процесін жоспарлау, оқу бағдарламаларын іске асыру, бағалау, мониторинг жүргізу және құжаттаманы рәсімдеу бойынша кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.

## 2. Глоссарий

**Инклюзивті білім беру** – барлық білім алушыларға олардың ерекше білім беруді қажет етуін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

**Үйде оқыту** — денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыға ДКК қорытындысы негізінде үй жағдайында жеке тегін білім беруді ұйымдастыру.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау** – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қоса алғанда, білім алушылардың білім алу мен даму үдерісін табысты жүзеге асыру үшін олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасайтын жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

**Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау** – қандай да бір қызмет түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе орнын толтыруға бағытталған кешенді қызметтер мен іс-шаралар.

**Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)** – он сегіз жасқа дейінгі, белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген, дене және (немесе) психикалық кемшіліктері бар бала (балалар).

**Түзете-дамытушылық бағыт** – дамуындағы бұзылыстарды жою үшін жағдай жасау.

**Сараланған және жеке тәсіл** – түзете жұмысының әдістерін, формалары мен құралдарын таңдауда әр баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу.

**Жеке оқу бағдарламасы** – нақты білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарын ескере отырып әзірленетін және білім беру мазмұнын меңгеру үшін жағдай жасауға бағытталған білім беру бағдарламасы.

**Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** – білім алуға қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

**Білім алу үшін арнайы жағдайлар** – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзете-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және басқа да құралдарды, тіршілік әрекеті ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын, ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті жағдайлар.

**Педагогикалық тексеру** – балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін және олардың ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас жасауға жасына сәйкес нормативтерді ескере отырып, әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

**Оқу жоспары** – білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің, оқу пәндері және (немесе) модульдердің, кәсіптік практика, білім алушылардың басқа да оқу қызметінің түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау формаларын регламенттейтін құжат.

**Оқу бағдарламасы** – әрбір оқу пәні, оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгеруге жататын білім, білік, дағды мен құзыреттіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

### **3. Бағдарламаның тақырыбы**

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы үйде оқытылатын білім алушылардың оқу процесін тиімді ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптарды көрсетеді және білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру, оқу жүктемесін дұрыс жоспарлау, оқу бағдарламаларын іске асыру, бағалау және құжаттаманы жүйелеу саласындағы мемлекеттік саясат басымдықтарын ескереді.

Бағдарлама үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысатын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының нормативтік, әдістемелік және практикалық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

#### *1. Заманауи нормативтік-құқықтық негіз*

Бағдарлама жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, оқу жүктемесін жоспарлау, оқу бағдарламаларын іске асыру, бағалау және білім беру процесін құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленген.

Бағдарлама мазмұнында үйде оқытуға жіберу алгоритмі, ДКК қорытындысы, ата-ананың немесе заңды өкілдің өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, сабақ кестесін құрастыру, оқу бағдарламаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес іске асыру, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекеттесу және негізгі құжаттарды рәсімдеу мәселелері жүйелі түрде ұсынылған.

Оқу процесін жоспарлау бөлімі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына сүйенеді. Оқу бағдарламаларын іске асыруда жалпы білім беру бағдарламалары, оқу бағдарламаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу, сондай-ақ зияты зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу бағдарламалары ескеріледі.

Зияты жеңіл және орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын таңдауда ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары және оған енгізілген өзгерістер назарға алынады. Аталған нормативтік негіздер үйде оқытылатын білім алушылардың оқу мазмұнын, оқу жүктемесін, жеке оқу бағытын, бағалау мен құжаттамалық рәсімдеуді білім алушының денсаулық жағдайына, оқу мүмкіндіктеріне және ПМПК ұсынымдарына сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

#### *2. Кешенді модульдік тәсіл*

Бағдарлама үйде оқытудың барлық негізгі компоненттерін біртұтас жүйеге біріктіреді: нормативтік-құқықтық негіздер, білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын іске асыру, сабақ кестесін құрастыру, ҚМЖ әзірлеу, тапсырмаларды саралау, бағалау, мониторинг және құжаттама жүргізу.

Мұндай тәсіл тыңдаушыларға үйде оқытуды жеке пән бойынша сабақ беру ретінде ғана емес, білім алушының денсаулық жағдайы, оқу мүмкіндігі, ерекше білім беру қажеттілігі, ата-анамен келісім және ППҚҚ мамандарының ұсынымдары ескерілетін кешенді педагогикалық процесс ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама құрылымы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға, педагогтерге оқу бағдарламаларын іске асыруға, сабақ мазмұнын жоспарлауға және тапсырмаларды бейімдеуге, ППҚҚ мамандарына білім алушының жеке қолдау бағытын белгілеуге, сынып жетекшілеріне ата-анамен байланыс пен сабақ кестесін үйлестіруге мүмкіндік береді.

### *3. Практикалық және қолданбалы бағыт*

Бағдарламаның ерекшелігі — оның нақты мектеп тәжірибесінде жиі кездесетін қиындықтарды шешуге бағытталуы. Тыңдаушылар оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламасын таңдау, бейімдеу немесе жеке оқу бағдарламасын құрастыру, сабақ кестесін талаптарға сәйкес жасау, ҚМЖ әзірлеу, сараланған тапсырмалар дайындау және БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу бойынша практикалық дағдыларды меңгереді.

Курс барысында келесі практикалық материалдар әзірленеді:

- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу үлгісі;
- жеке оқу бағдарламасының құрылымы;
- үйде оқытылатын білім алушыға арналған сабақ кестесі;
- үйде оқытуға бейімделген ҚМЖ;
- сараланған тапсырмалар пакеті;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу үлгісі;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлар;
- мониторинг парағы;
- ата-анамен кері байланыс үлгісі;
- ППҚҚ отырысына ұсыныс;
- жылдық есеп пен психологиялық-педагогикалық мінездеме үлгісі.

Бұл курс тыңдаушыларға тек теориялық ақпарат беріп қана қоймай, үйде оқытуды ұйымдастыруға қажетті дайын әдістемелік-құжаттамалық құралдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

### *4. Командалық және пәнаралық өзара әрекеттестік*

Бағдарлама үйде оқытылатын білім алушының оқу процесін ұйымдастыруда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары және ата-аналар арасындағы өзара әрекетті жүйелеуге бағытталған.

Курс мазмұнында әр қатысушының рөлі мен жауапкершілік аймағы нақты қарастырылады: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары оқу процесін ұйымдастырады және бақылайды; пән мұғалімі оқу бағдарламасын іске асырады және тапсырмаларды бейімдейді; сынып жетекші ата-анамен байланыс пен сабақ кестесін үйлестіреді; ППҚҚ мамандары білім алушының қолдау қажеттіліктерін анықтап, ұсыныстар әзірлейді.

Бағдарламада ППҚК отырыстарына материал дайындау, даму динамикасын талдау, ата-анамен кері байланыс жүргізу және білім алушыға арналған қолдау шараларын бірлесіп жоспарлау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

#### *5. Бағалау, мониторинг және құжаттаманы жүйелеу*

Бағдарламаның маңызды ерекшелігі — үйде оқытылатын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен құжаттаманы жүргізу мәселелерін кешенді қарастыруы.

Курста қалыптастырушы бағалау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру, жеке жетістік динамикасын бақылау, мониторинг парағын толтыру, тоқсандық және жылдық есеп дайындау жолдары қарастырылады.

Құжаттама бөлімі үйде оқыту бойынша негізгі құжаттарды жүйелеуге бағытталған: ата-ананың өтініші, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі, жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі, психологиялық-педагогикалық мінездеме және даму динамикасы бойынша есеп.

Бағдарламаның жанашылдығы үйде оқытуды нормативтік рәсім ретінде ғана емес, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама арқылы жүйеленетін толық педагогикалық процесс ретінде қарастыруында. Бағдарлама тыңдаушыларға үйде оқытуды тиімді, заңды, әдістемелік тұрғыдан негізделген және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

#### **Білім беру жүйесіндегі ұқсас бағдарламалардың бар-жоғын талдау**

Қазақстан Республикасының педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде ұсынылатын бағдарламаларға, инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу бағдарламаларын бейімдеу және бағалау бағытындағы курстардың мазмұнына жасалған талдау үйде оқытуды ұйымдастыру мәселесінің көбіне жалпы инклюзивті білім беру немесе психологиялық-педагогикалық қолдау тақырыптарының құрамында ғана қарастырылатынын көрсетті.

Қазіргі білім беру тәжірибесінде үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік негіздер болғанымен, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ҚМЖ, бағалау және құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелерін біртұтас жүйеде қамтитын практикалық бағдарлама жеткіліксіз.

Ұсынылып отырған «Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру: оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы қажеттілікті ескере отырып әзірленген. Бағдарлама директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына арналған кешенді қолданбалы курс болып табылады.

#### *Талдаудың негізгі қорытындылары*

Қолданыстағы курстарда үйде оқыту мәселесі көбіне ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту немесе инклюзивті білім беру тақырыптарының бір бөлігі ретінде ғана қарастырылады. Алайда үйде оқытуға жіберу алгоритмі, ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу процесін ұйымдастыру және білім беру ұйымы мамандарының жауапкершілік аймағы жүйелі түрде толық ашыла бермейді.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтер үшін өзекті мәселелердің бірі — үйде оқытылатын білім алушының оқу жүктемесін дұрыс жоспарлау және оқу процесін тиімді ұйымдастыру. Бұл бағытта директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары үлгілік оқу жоспарын таңдау, пәндер бойынша сағаттарды бөлу, түсінік жазба дайындау және сабақ кестесін құрастыру жұмыстарын үйлестіреді, ал пән мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдері оқу бағдарламаларын іске асыру, ҚМЖ әзірлеу, тапсырмаларды бейімдеу және бағалау бойынша әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Оқу бағдарламаларын іске асыру мәселесінде де тәжірибеде бірқатар қиындықтар байқалады. Жалпы білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасын бейімдеу мен жеке оқу бағдарламасы арасындағы айырмашылық педагогтер тарапынан әрдайым нақты ажыратыла бермейді. Осыған байланысты бағдарламада оқу бағдарламаларын таңдау мен іске асыру логикасы арнайы қарастырылады.

Үйде оқыту жағдайындағы сабақ жоспарлау мен тапсырмаларды ұсыну да мұғалімдер үшін күрделі бағыттардың бірі болып табылады. Қолданыстағы курстарда ҚМЖ-ны үйде оқыту жағдайына бейімдеу, оқу мақсатын даралау, тапсырманы жеңілдету, оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек пен қадамдық нұсқау қолдану мәселелері жеткілікті деңгейде практикалық тұрғыдан берілмейді. Бұл бағдарламада аталған мәселелер білім салалары бойынша нақты мысалдармен қарастырылады.

Бағалау мәселесі де ерекше өзектілікке ие. Мұғалімдер қалыптастырушы бағалау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру, жеке жетістік динамикасын бақылау және мониторинг парағын толтыру бойынша нақты әдістемелік қолдауға мұқтаж. Осыған байланысты бағдарламада бағалау мен мониторинг жеке модуль ретінде енгізілген.

Үйде оқыту бойынша құжаттамалық қамтамасыз ету де білім беру ұйымдарында бірізділікті қажет етеді. Қолданыстағы курстарда жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі, психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытындыны рәсімдеу мәселелері көбіне жүйелі түрде қамтылмайды. Ұсынылып отырған бағдарламада бұл бағыт үйде оқыту бойынша оқу нәтижелерін тіркеу және құжаттаманы рәсімдеу тұрғысынан қарастырылады.

### **Қорытынды**

Ұсынылып отырған «Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру: оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу» бағдарламасы мазмұны, құрылымы және практикалық бағыты бойынша үйде оқытуды ұйымдастырудың негізгі компоненттерін кешенді қамтитын бағдарлама болып табылады.

Бағдарламаның ерекшелігі — үйде оқытуды тек жеке сабақ өткізу формасы ретінде емес, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ҚМЖ, бағалау, мониторинг және құжаттамалық қамтамасыз ету арқылы жүйеленетін тұтас педагогикалық процесс ретінде қарастыруында.

Бағдарлама директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының бірлескен жұмысын ұйымдастыруға бағытталған. Бұл директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастырушылық-басқарушылық рөлін, пән мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік рөлін, сынып жетекшісінің үйлестірушілік рөлін және ППҚҚ мамандарының қолдау көрсету рөлін нақты ажыратуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарламаны әзірлеу және енгізу жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды ұйымдастыру сапасын арттыруға, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, бағалау және құжаттамалық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаның мақсаты – үйде оқыту жағдайында оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын іске асыру, бағалау, мониторинг жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

##### **Бағдарламаның міндеттері:**

- тыңдаушыларды үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру;
- үйде оқытуға жіберу алгоритмін, ДҚК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы және мектепшілік бұйрық негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәртібін түсіндіру;
- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және ППҚҚ мамандарының үйде оқыту процесіндегі рөлі мен жауапкершілік аймағын нақтылау;
- үйде оқытын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайын, бастапқы оқу деңгейін, оқу мүмкіндіктері мен жеке қолдау қажеттіліктерін талдау дағдыларын қалыптастыру;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін реттеу және сабақ кестесін талаптарға сәйкес құрастыру жолдарын меңгерту;

- жалпы білім беру бағдарламасын іске асыру, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу ерекшеліктерін түсіндіру;
- үйде оқыту жағдайында ҚМЖ әзірлеу, оқу мақсатын даралау, оқу материалын құрылымдау және сараланған тапсырмалар дайындау дағдыларын дамыту;
- қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, дескриптор құрастыру, оқу жетістіктерін мониторингтеу және үйде оқыту бойынша құжаттаманы рәсімдеу бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

### **Бағдарламаны меңгерудің күтілетін нәтижелері**

#### **Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы:**

- үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және оларды білім беру ұйымының тәжірибесінде қолдана алады;
- үйде оқытуға жіберу алгоритмін түсіндіреді, ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы және мектепшілік бұйрықтың оқу процесін ұйымдастырудағы рөлін ажыратады;
- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және ППҚҚ мамандарының үйде оқытудағы функциялары мен жауапкершілік аймағын нақтылайды;
- үйде оқытын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайын, бастапқы оқу деңгейін, оқу мүмкіндіктері мен жеке қолдау қажеттіліктерін талдайды;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөледі, оқу жүктемесін реттейді және сабақ кестесін талаптарға сәйкес құрастырады;
- жалпы білім беру бағдарламасын іске асыру, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу ерекшеліктерін түсіндіреді;
- үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлейді, оқу мақсатын даралайды, оқу материалын құрылымдайды және сараланған тапсырмалар дайындайды;
- қалыптастырушы бағалау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді, бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастырады;
- білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын мониторингтейді, бақылау картасы, жетістік картасы және мониторинг парағын қолданады;
- ата-анамен кәсіби кері байланыс жүргізеді, тоқсандық есеп дайындайды және ППҚҚ отырысына ұсыныс әзірлейді;
- үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдейді, жүргізілген сабақтарды есепке алу журналын, мұғалімнің жұмыс күнделігін, психологиялық-педагогикалық мінездеме мен жылдық қорытындыны дайындайды.

#### **Бағдарламаның практикалық маңыздылығы**

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсы жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды ұйымдастыру кезінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандары кездесетін нақты кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағдарлама тыңдаушыларға үйде оқытылатын білім алушының оқу процесін нормативтік талаптарға, оқу жоспарына, денсаулық жағдайына, оқу мүмкіндіктеріне және жеке қолдау қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастыруға қажетті практикалық құралдарды меңгеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы үйде оқыту бойынша оқу жүктемесін дұрыс бөлу, сабақ кестесін құрастыру, оқу бағдарламаларын іске асыру, ҚМЖ әзірлеу, тапсырмаларды бейімдеу, бағалау мен мониторинг жүргізу және құжаттаманы рәсімдеу дағдыларын қалыптастыру арқылы айқындалады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы төмендегі бағыттар арқылы айқындалады:

*Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыретін дамыту* – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары үйде оқыту бойынша оқу жүктемесін реттеу, сабақ кестесін құрастыру, оқу процесін үйлестіру, бақылау және құжаттаманы рәсімдеу алгоритмдерін меңгереді.

*Педагогтердің әдістемелік құзыретін арттыру* – пән мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдері оқу бағдарламаларын білім алушының оқу мүмкіндіктеріне сәйкес іске асыру, ҚМЖ әзірлеу, оқу мақсатын даралау, тапсырмаларды бейімдеу және бағалау құралдарын қолдану дағдыларын дамытады.

*ППҚҚ мамандарының қолдау көрсету рөлін нақтылау* – арнайы педагогтер, педагог-психологтер, педагог-логопедтер және әлеуметтік педагогтер білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін анықтау, оқу процесін даралау бағыттарын белгілеу және педагогтермен бірлескен жұмыс жүргізу жолдарын меңгереді.

*Бағалау және мониторинг жүйесін жетілдіру* – тыңдаушылар қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, дескрипторлар құрастыру, оқу жетістіктерін бақылау және даму динамикасын талдау құралдарын қолдануды үйренеді.

*Құжаттамалық қамтамасыз етуді жүйелеу* – курс үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу, жүргізілген сабақтарды есепке алу, оқу нәтижелерін тіркеу, психологиялық-педагогикалық мінездеме және жылдық қорытынды дайындау жұмыстарын біріздендіруге мүмкіндік береді.

*Білім беру ұйымында үйде оқытудың сапасын арттыру* – бағдарламаны іске асыру нәтижесінде үйде оқытылатын білім алушыларға арналған оқу процесі жүйеленеді, мамандар арасындағы өзара әрекет күшейеді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес қолжетімді оқу жағдайлары қамтамасыз етіледі.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

**Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері**

<b>Модульдің мақсаты:</b>	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде үйде оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы, қолданыстағы заңнама талаптарын, үлгілік оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларда тұтас түсінік қалыптастыру.
<b>Модульдің міндеттері:</b>	үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарды зерделеу; үйде оқытуға жіберу тәртібін, ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы және мектепшілік бұйрықтың рөлін түсіндіру; директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының үйде оқыту процесіндегі рөлі мен жауапкершілік аймағын ашып көрсету; үйде оқыту жағдайында ата-анамен келісім, өзара жауапкершілік және этикалық қарым-қатынас қағидаларын қарастыру; тыңдаушыларда үйде оқытуды заңды, жүйелі және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға қажетті құқықтық сауаттылық пен кәсіби жауапкершілік ұстанымын қалыптастыру.
<b>Модульдің күтілетін нәтижелері:</b>	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны біледі; үйде оқытуға жіберу алгоритмін және қажетті құжаттардың реттілігін түсінеді; ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы және мектепшілік

	<p>бұйрықтың оқу процесін ұйымдастырудағы рөлін ажыратады;</p> <p>директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының үйде оқыту процесіндегі функциялары мен жауапкершілік аймағын түсінеді;</p> <p>ата-анамен келісім жасау, өзара әрекеттесу және этикалық қарым-қатынас талаптарын сақтаудың маңызын түсінеді.</p>
<p><b>Модуль сипаттамасы:</b></p>	<p>Бұл модуль курсқа кіріспе болып табылады және үйде оқытуды ұйымдастырудың құқықтық әрі ұйымдастырушылық негізін қалыптастырады. Модуль аясында денсаулық жағдайына байланысты білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыларды үйде оқытуға қатысты негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар қарастырылады.</p> <p>Модульде үйде оқытуға жіберу алгоритмі кезең-кезеңімен талданады: ДКК қорытындысы, ата-ананың немесе заңды өкілдің өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті құжаттамалық рәсімдер. Бұл тыңдаушыларға үйде оқытуды бастау тәртібін нақты түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастырушылық-басқарушылық рөліне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, сабақ кестесін құрастыру, педагогтердің жұмысын үйлестіру, оқу нәтижелерін бақылау және құжаттаманың дұрыс рәсімделуін қадағалау мәселелері қарастырылады.</p> <p>Сонымен қатар модульде педагогтер мен ППҚҚ мамандарының үйде оқыту процесіндегі өзара әрекеті талданады.</p>

	<p>Педагогтер оқу бағдарламаларын іске асыру, сабақ мазмұнын жоспарлау, ҚМЖ әзірлеу және тапсырмаларды ұсыну жұмыстарын атқарады. ППҚҚ мамандары білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін анықтау, оқу процесін даралау бағыттарын белгілеу және педагогтерге әдістемелік ұсынымдар дайындау бойынша қатысады.</p> <p>Модульдің қорытынды бөлімінде ата-анамен келісім, өзара жауапкершілік, педагогикалық әдеп, білім алушының құқықтарын сақтау және үй жағдайындағы оқу процесін қолайлы ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Осылайша, модуль тыңдаушыларға үйде оқытуды нормативтік талаптарға сай, жүйелі және кәсіби деңгейде ұйымдастырудың негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.</p>
--	---

**Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік жағдайын, бастапқы оқу деңгейін және жеке қолдау қажеттіліктерін талдау негізінде жеке оқу бағытын жоспарлау бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайын талдау тәсілдерін меңгерту;</p> <p>білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін және оқу қиындықтарын анықтау жолдарын қарастыру;</p> <p>білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін және оқу процесін даралау бағыттарын белгілеу;</p>

	<p>оқу мүмкіндіктерін талдау нәтижелерін оқу жоспары, оқу бағдарламалары, ҚМЖ және бағалау процесімен байланыстыру; тыңдаушыларда білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу бағытын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің нәтижелері:</p> <p style="text-align: center;">күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайын талдайды; білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін анықтайды; оқу қиындықтарын сипаттайды және олардың оқу процесіне әсерін түсіндіреді; білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін белгілейді; оқу процесін даралау бағыттарын анықтайды; оқу мүмкіндіктерін талдау нәтижелерін оқу жоспарын іске асыру, оқу бағдарламаларын таңдау, ҚМЖ әзірлеу және бағалау процесімен байланыстырады; білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жеке оқу бағытын жоспарлайды.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль үйде оқитын білім алушының жеке ерекшеліктерін кешенді талдауға және оның оқу процесін дұрыс жоспарлауға бағытталған. Модуль аясында білім алушының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, әлеуметтік ортасы, оқу мүмкіндіктері және пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейі қарастырылады. Тыңдаушылар білім алушының оқу қиындықтарын анықтау, олардың себебін талдау және оқу процесіне әсерін бағалау жолдарын меңгереді. Бұл кезең үйде оқытылатын білім алушыға қандай оқу бағдарламасы қолданылатынын, қандай тапсырмалар ұсынылатынын, қандай</p>

	<p>қолдау түрлері қажет екенін және бағалау қалай ұйымдастырылатынын анықтау үшін маңызды.</p> <p>Модульде білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін белгілеу мәселесіне ерекше назар аударылады. Оқу процесін даралау бағыттары пәндік мазмұнды меңгеру мүмкіндігі, тапсырманың күрделілік деңгейі, оқу материалының көлемі, жауап беру формасы, кері байланыс тәсілі және бағалау өлшемдері арқылы қарастырылады.</p> <p>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандары үшін бұл модуль білім алушы туралы мәліметтерді дұрыс талдауға, оқу процесін ұйымдастыруда негізделген шешім қабылдауға және мамандардың бірлескен жұмысын жүйелеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Модульдің қорытындысында тыңдаушылар білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау нәтижесінде жеке оқу бағытын жоспарлауды үйренеді. Бұл келесі модульдерде қарастырылатын оқу жоспары, оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ҚМЖ, бағалау және құжаттаманы рәсімдеу жұмыстарына негіз болады.</p>
--	---

**Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Үйде оқитын білім алушыға арналған оқу жоспарын талдау, пәндер бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес іске асыру және сабақ кестесін оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы мен денсаулық жағдайын ескере отырып құрастыру бойынша тыңдаушылардың практикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
---------------------------	--

<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау жолдарын меңгерту;</p> <p>оқу жоспары бойынша пәндерге сағат бөлу, апталық оқу жүктемесін реттеу және түсінік жазба дайындау тәртібін түсіндіру;</p> <p>жалпы білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасының айырмашылығын нақтылау;</p> <p>оқу бағдарламаларын білім алушының оқу мүмкіндіктеріне, бастапқы дайындық деңгейіне және ПМПК ұсынымдарына сәйкес іске асыру жолдарын қарастыру;</p> <p>сабақ кестесін оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы, үзіліс уақыты, білім алушының денсаулық жағдайы және ата-анамен келісім негізінде құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің нәтижелері:</p> <p>күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:</p> <p>үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдайды;</p> <p>оқу жоспары бойынша пәндерге сағат бөледі және апталық оқу жүктемесін реттейді;</p> <p>оқу жоспарына түсінік жазба дайындау тәртібін түсінеді;</p> <p>жалпы білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасының айырмашылығын түсіндіреді;</p> <p>білім алушының оқу мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын іске асыру жолдарын анықтайды;</p> <p>оқу бағдарламасын іске асыруда оқу мақсатын, оқу материалының көлемін және тапсырмалардың күрделілік деңгейін білім алушының мүмкіндігіне қарай жоспарлайды;</p> <p>үйде оқитын білім алушыға арналған сабақ кестесін оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы,</p>

	<p>үзіліс уақыты және денсаулық жағдайын ескере отырып құрастырады; сабақ кестесін ата-анамен келісу және оқу процесін жүйелі ұйымдастыру жолдарын біледі.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль үйде оқытуды ұйымдастырудағы негізгі практикалық бағыттардың бірі болып табылады және оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесін өзара байланыстыра жоспарлауға бағытталған. Модуль аясында тыңдаушылар үйде оқитын білім алушыға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдап, пәндер бойынша сағаттарды бөлу, апталық оқу жүктемесін реттеу және оқу жоспарына түсінік жазба дайындау тәртібімен танысады.</p> <p>Модульде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастырушылық-басқарушылық рөлі нақты қарастырылады. Олар оқу жоспарын таңдау, пәндерге сағат бөлу, сабақ кестесін құрастыру, педагогтердің жұмысын үйлестіру және оқу процесінің нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын бақылау бойынша практикалық шешімдер қабылдауды үйренеді.</p> <p>Оқу бағдарламаларын іске асыру мәселесіне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар жалпы білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасы арасындағы айырмашылықты талдайды. Сонымен қатар білім алушының оқу мүмкіндіктері, бастапқы дайындық деңгейі, денсаулық жағдайы және ПМПК ұсынымдары негізінде оқу бағдарламасын іске асыру жолдарын анықтайды.</p> <p>Модульдің практикалық бөлімінде тыңдаушылар нақты жағдайлар негізінде оқу жоспары бойынша сағаттарды бөледі,</p>

	<p>оқу жүктемесін негіздейді, оқу бағдарламасын таңдау логикасын айқындайды және үйде оқитын білім алушыға арналған сабақ кестесін құрастырады. Сабақ кестесін жасауда оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы, үзіліс уақыты, білім алушының денсаулық жағдайы және ата-анамен келісім ескеріледі.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар үйде оқытудағы оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесіне қатысты жиі кездесетін шатасуларды ажыратып, оқу процесін жүйелі, негізді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға қажетті практикалық дағдыларды меңгереді.</p>
--	---

#### **Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Үйде оқыту жағдайында қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу, оқу мақсатын білім алушының мүмкіндігіне қарай даралау, оқу материалын құрылымдау, сараланған тапсырмалар дайындау және білім салалары бойынша тиімді әдістемелік тәсілдерді қолдану бойынша тыңдаушылардың практикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>үйде оқыту жағдайындағы қысқа мерзімді сабақ жоспарының құрылымы мен ерекшеліктерін түсіндіру; оқу мақсатын білім алушының оқу мүмкіндігіне сәйкес даралау жолдарын меңгерту; оқу материалын құрылымдау, тапсырманы жеңілдету, визуалды тірек және қадамдық нұсқау қолдану тәсілдерін үйрету; тілдік пәндер, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша үйде оқыту әдістемесін қарастыру;</p>

	үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану дағдыларын дамыту.
Модульдің нәтижелері: күтілетін	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:</p> <p>үйде оқыту жағдайына сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлейді;</p> <p>оқу мақсатын білім алушының жеке мүмкіндігіне қарай даралайды;</p> <p>оқу материалын құрылымдайды және қолжетімді түрде ұсынады;</p> <p>сараланған тапсырмалар дайындайды;</p> <p>визуалды тірек, қадамдық нұсқау, үлгі бойынша орындау, қысқартылған мәтін және балама жауап беру тәсілдерін қолданады;</p> <p>тілдік пәндер, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша әдістемелік тәсілдерді таңдайды;</p> <p>цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды үйде оқыту жағдайында қолдану жолдарын анықтайды.</p>
Модуль сипаттамасы:	<p>Бұл модуль үйде оқыту жағдайында сабақ мазмұнын жоспарлау, оқу мақсатын даралау және тапсырмаларды білім алушының жеке мүмкіндігіне сәйкес ұсыну мәселелеріне бағытталған. Модуль аясында тыңдаушылар қысқа мерзімді сабақ жоспарын үйде оқыту жағдайына сәйкес әзірлеудің ерекшеліктерін қарастырады.</p> <p>Модульде ҚМЖ құрылымындағы мақсат, тапсырма, әдіс, кері байланыс және бағалау элементтерін білім алушының оқу мүмкіндігімен байланыстыру жолдары түсіндіріледі. Бұл жерде ҚМЖ-ны «бейімдеу» емес, оны үйде оқыту жағдайына сәйкес әзірлеу, ал оқу мақсаты, оқу материалы, тапсырма, қолдау тәсілдері мен бағалау өлшемдерін даралау мәселелері қарастырылады.</p>

Оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырмалар әзірлеу модульдің негізгі практикалық бөлігі болып табылады. Тыңдаушылар тапсырманың көлемін азайту, күрделілік деңгейін реттеу, мәтінді ықшамдау, нұсқауды қысқарту, тапсырманы қадамдарға бөлу, визуалды тірек ұсыну, үлгі бойынша орындау және балама жауап түрлерін қолдану тәсілдерін меңгереді.

Білім салалары бойынша үйде оқыту әдістемесіне ерекше назар аударылады. Тілдік пәндерде мәтінмен жұмыс, сөздікпен жұмыс, оқылым және жазылым тапсырмаларын жеңілдету қарастырылады.

Жаратылыстану-математикалық бағытта есептерді қадамдап орындау, алгоритм, схема, модель, кесте, сурет, бақылау және қауіпсіз практикалық әрекет арқылы түсіндіру тәсілдері қарастырылады. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта тарихи мәтінді ықшамдау, уақыт сызығы, карта, кесте және себеп-салдар байланысын түсіндіру әдістері қарастырылады.

Модульдің қорытынды бөлімінде үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану мәселелері қамтылады. Тыңдаушылар электрондық тапсырмалар, визуалды материалдар, онлайн байланыс құралдары, аудио-видео ресурстар, үлкейтілген мәтін, дыбыстық қолдау және басқа да қолжетімді құралдарды сабақ мазмұнына енгізу жолдарын меңгереді.

Модуль нәтижесінде тыңдаушылар үйде оқытылатын білім алушыға арналған сабақ мазмұнын дұрыс жоспарлап, оқу мақсатын даралап, тапсырмаларды қолжетімді етіп ұсынуға және білім салалары бойынша тиімді әдістемелік тәсілдерді қолдануға дайын болады.

**Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Үйде оқыту жағдайында білім алушының оқу жетістіктерін бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу, даму динамикасын мониторингтеу және ата-анамен тиімді кері байланыс ұйымдастыру бойынша тыңдаушылардың практикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерін түсіндіру;  қалыптастырушы бағалауды білім алушының жеке оқу мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыру жолдарын қарастыру;  БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру тәсілдерін меңгерту;  білім алушының оқу жетістігі мен даму динамикасын бақылау картасы, жетістік картасы және мониторинг парағы арқылы талдау дағдыларын қалыптастыру;  ата-анамен кері байланыс жүргізу, тоқсандық есеп дайындау және ППҚҚ отырысына ұсыныс әзірлеу жолдарын үйрету.</p>
<p>Модульдің күтілетін нәтижелері:</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерін түсінеді;  қалыптастырушы бағалауды білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырады;  БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу жолдарын қолданады;  бағалау критерийлері мен дескрипторларды білім алушының оқу мақсатына сәйкес құрастырады;</p>

	<p>оқу жетістіктері мен даму динамикасын бақылау картасы, жетістік картасы және мониторинг парағы арқылы талдайды; ата-анамен кәсіби кері байланыс жүргізеді; ППҚҚ отырысына білім алушының оқу динамикасы мен қолдау қажеттіліктері бойынша ұсыныс әзірлейді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль үйде оқыту жағдайындағы бағалау, оқу жетістіктерін бақылау және ата-анамен өзара әрекет мәселелеріне бағытталған. Модуль аясында тыңдаушылар үйде оқитын білім алушының оқу нәтижелерін бағалау кезінде оқу бағдарламасының түрін, оқу мақсатын, тапсырманың күрделілік деңгейін, білім алушының жеке мүмкіндіктерін және қолдау қажеттіліктерін ескеру жолдарын меңгереді.</p> <p>Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруға ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар сабақ барысында білім алушының ілгерілеуін бақылау, кері байланыс беру, оқу тапсырмаларын орындау сапасын талдау және келесі сабақ мазмұнын жоспарлау үшін бағалау нәтижелерін қолдану тәсілдерін қарастырады.</p> <p>БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу модульдің маңызды практикалық бөлігі болып табылады. Бұл бөлімде тапсырманың көлемін қысқарту, нұсқауды нақтылау, жауап беру формасын өзгерту, визуалды тірек қолдану, дескрипторларды білім алушының жеке оқу мақсатына сәйкес құрастыру мәселелері қарастырылады.</p> <p>Модульде даму динамикасын мониторингтеу құралдары да қамтылады. Тыңдаушылар бақылау картасы, жетістік картасы, мониторинг парағы арқылы білім алушының оқу жетістігін, тапсырманы орындау дербестігін, оқу белсенділігін</p>

	<p>және қолдау қажеттіліктерінің өзгерісін талдауды үйренеді.</p> <p>Ата-анамен жұмыс бөлігінде кері байланыс беру, оқу нәтижелерін түсіндіру, үй жағдайындағы оқу процесіне қатысты ұсыныстар беру және ата-анамен серіктестік қарым-қатынас орнату жолдары қарастырылады. Сонымен қатар тыңдаушылар тоқсандық есеп дайындау және ППҚҚ отырысына білім алушының оқу динамикасы бойынша нақты ұсыныс әзірлеу дағдыларын меңгереді.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ, икемді және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бағалауға, оқу динамикасын жүйелі бақылауға және ата-анамен нәтижелі өзара әрекет ұйымдастыруға дайын болады.</p>
--	--

### **Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты негізгі құжаттаманы рәсімдеу, жүргізілген сабақтарды есепке алу, оқу нәтижелерін тіркеу және білім алушының даму динамикасы бойынша қорытынды материалдарды дайындау бойынша тыңдаушылардың практикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманың құрылымы мен рәсімделу тәртібін түсіндіру; өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу жоспары және сабақ кестесінің өзара байланысын көрсету; жүргізілген сабақтарды есепке алу журналын және мұғалімнің жұмыс күнделігін жүргізу тәртібін меңгерту;</p> <p>оқу нәтижелерін тіркеу, тоқсандық ақпарат дайындау және білім алушының даму динамикасын сипаттау жолдарын қарастыру; психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және</p>

	жылдық қорытынды дайындау дағдыларын қалыптастыру.
<p>Модульдің нәтижелері:</p> <p>күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:</p> <p>үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманың түрлерін және олардың рәсімделу тәртібін біледі;</p> <p>өтініш, ДҚК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу жоспары және сабақ кестесінің оқу процесін ұйымдастырудағы рөлін ажыратады;</p> <p>жүргізілген сабақтарды есепке алу журналын дұрыс толтырады;</p> <p>мұғалімнің жұмыс күнделігін жүргізу тәртібін түсінеді;</p> <p>оқу нәтижелерін тіркейді және білім алушының оқу жетістіктері бойынша қысқаша талдау жасайды;</p> <p>психологиялық-педагогикалық мінездеме дайындайды;</p> <p>даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды рәсімдейді;</p> <p>үйде оқыту бойынша құжаттаманы жүйелейді және оқу нәтижелерін дәлелді түрде ұсынады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль үйде оқытуды ұйымдастырудың қорытынды және практикалық маңызды бөлімі болып табылады. Модуль аясында тыңдаушылар үйде оқыту бойынша жүргізілетін негізгі құжаттаманың мазмұнын, рәсімделу тәртібін және білім беру ұйымындағы жауапты тұлғалардың рөлін қарастырады.</p> <p>Модульде үйде оқытуды бастауға және ұйымдастыруға негіз болатын құжаттар жүйелі талданады: ата-ананың немесе заңды өкілдің өтініші, ДҚК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі. Бұл құжаттардың әрқайсысы оқу процесін ұйымдастыруда белгілі бір қызмет атқарады және олардың өзара байланысын түсіну директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандары үшін маңызды.</p> <p>Жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы мен мұғалімнің жұмыс күнделігін жүргізу тәртібіне ерекше назар аударылады.</p>

	<p>Тыңдаушылар сабақтың өткізілген күні, тақырыбы, оқу материалының мазмұны, тапсырмалар, білім алушының қатысуы, оқу нәтижелері және педагогикалық ескертпелерді дұрыс тіркеу жолдарын меңгереді.</p> <p>Модульде оқу нәтижелерін тіркеу және білім алушының даму динамикасын сипаттау мәселелері де қарастырылады. Бұл бөлімде тоқсандық ақпарат, оқу жетістіктерінің қысқаша талдауы, қолдау қажеттіліктерінің өзгеруі, тапсырмаларды орындау дербестігі және оқу белсенділігінің динамикасы бойынша мәліметтерді жинақтау тәсілдері беріледі.</p> <p>Қорытынды бөлім психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындауға арналған. Тыңдаушылар білім алушының оқу жетістіктерін, жеке ерекшеліктерін, қолдау нәтижелерін және келесі оқу кезеңіне ұсыныстарды нақты әрі дәлелді түрде рәсімдеуді үйренеді.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар үйде оқыту бойынша құжаттаманы жүйелі жүргізуге, оқу нәтижелерін тіркеуге және білім алушының даму динамикасын негізді түрде сипаттауға дайын болады.</p>
--	---

**72 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Д э р і с	Пра ктик алық саба қ	С е м и н а р	Б а р л ы ғ ы
1	<b>Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері</b>				<b>10</b>

1.1	Үйде оқытуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері: заңдар, бұйрықтар, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары	1	1	1	3
1.2	Үйде оқытуға жіберу алгоритмі: ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық	1	1		2
1.3	Үйде оқыту процесіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі	1	1	1	3
1.4	Үйде оқытуды ұйымдастырудағы ата-анамен келісім, жауапкершілік және этикалық өзара әрекет	1	1		2
<b>2</b>	<b>Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау</b>				<b>10</b>
2.1	Үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін талдау	1	1	1	3
2.2	Білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін және оқу қиындықтарын анықтау	1	1	1	3
2.3	Білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын белгілеу	1	1		2
2.4	Жеке оқу бағытын жоспарлау: мақсат, міндет, күтілетін нәтиже және қолдау түрлері	1	1		2
<b>3</b>	<b>Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру</b>				<b>16</b>
3.1	Үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау	1	1	1	3
3.2	Оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін реттеу және түсінік жазба дайындау	1	2	1	4
3.3	Оқу бағдарламаларын іске асыру: жалпы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламалары	2	2	1	5
3.4	Үйде оқыту жағдайында сабақ кестесін құрастыру: оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы және білім алушының денсаулық жағдайын ескеру	1	2	1	4
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі</b>				<b>14</b>
4.1	Үйде оқыту жағдайындағы қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері	1	2	1	4
4.2	Оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырмалар әзірлеу: оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек және қадамдық нұсқау	1	2	1	4
4.3	Білім салалары бойынша үйде оқыту әдістемесі: тілдік, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар	2	2		4

4.4	Үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану	1	1		2
<b>5</b>	<b>Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс</b>				<b>12</b>
5.1	Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	1	1	1	3
5.2	Қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және дескриптор құрастыру	1	1	1	3
5.3	Даму динамикасын мониторингтеу: бақылау картасы, жетістік картасы, мониторинг парағы	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен кері байланыс, кеңес беру, тоқсандық есеп және ППҚҚ отырысына ұсыныс дайындау	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу</b>				<b>10</b>
6.1	Үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу: өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі	1	1		2
6.2	Жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі және оқу нәтижелерін тіркеу	1	2	1	4
6.3	Психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау	2	1	1	4
<b>Барлығы</b>		<b>26</b>	<b>30</b>	<b>16</b>	<b>72</b>

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Д ә р і с	Пра ктик алық саба қ	С е м и н а р	Б а р л ы ғ ы
<b>1</b>	<b>Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері</b>				<b>12</b>
1.1	Үйде оқытуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері: заңдар, бұйрықтар, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары	1	1	1	3
1.2	Үйде оқытуға жіберу алгоритмі: ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық	1	1	1	3

1.3	Үйде оқыту процесіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі	1	1	1	3
1.4	Үйде оқытуды ұйымдастырудағы ата-анамен келісім, жауапкершілік және этикалық өзара әрекет	1	1	1	3
<b>2</b>	<b>Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау</b>				<b>12</b>
2.1	Үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін талдау	1	1	1	3
2.2	Білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін және оқу қиындықтарын анықтау	1	1	1	3
2.3	Білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын белгілеу	1	2		3
2.4	Жеке оқу бағытын жоспарлау: мақсат, міндет, күтілетін нәтиже және қолдау түрлері	1	2		3
<b>3</b>	<b>Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру</b>				<b>16</b>
3.1	Үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау	1	1	1	3
3.2	Оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін реттеу және түсінік жазба дайындау	1	2	1	4
3.3	Оқу бағдарламаларын іске асыру: жалпы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламалары	2	2	1	5
3.4	Үйде оқыту жағдайында сабақ кестесін құрастыру: оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы және білім алушының денсаулық жағдайын ескеру	1	2	1	4
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі</b>				<b>16</b>
4.1	Үйде оқыту жағдайындағы қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері	1	2	1	4
4.2	Оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырмалар әзірлеу: оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек және қадамдық нұсқау	1	2	1	4
4.3	Білім салалары бойынша үйде оқыту әдістемесі: тілдік, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар	2	2	1	5
4.4	Үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс</b>				<b>12</b>
5.1	Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	1	1	1	3

5.2	Қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және дескриптор құрастыру	1	1	1	3
5.3	Даму динамикасын мониторингтеу: бақылау картасы, жетістік картасы, мониторинг парағы	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен кері байланыс, кеңес беру, тоқсандық есеп және ППҚҚ отырысына ұсыныс дайындау	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу</b>				<b>12</b>
6.1	Үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу: өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі	1	2	1	4
6.2	Жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі және оқу нәтижелерін тіркеу	1	2	1	4
6.3	Психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау	2	1	1	4
<b>Барлығы</b>		<b>26</b>	<b>31</b>	<b>23</b>	<b>80</b>

**72 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Видеосабақтар	Вебинар	Тыңдаушының өзіндік жұмыстары	Барлығы

1	<b>Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері</b>				10
1.1	Үйде оқытуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері: заңдар, бұйрықтар, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары	1	1	1	3
1.2	Үйде оқытуға жіберу алгоритмі: ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық	1		1	2
1.3	Үйде оқыту процесіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі	1	1	1	3
1.4	Үйде оқытуды ұйымдастырудағы ата-анамен келісім, жауапкершілік және этикалық өзара әрекет	1	1		2
2	<b>Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау</b>				10
2.1	Үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін талдау	1	1	1	3
2.2	Білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін және оқу қиындықтарын анықтау	1	1	1	3
2.3	Білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын белгілеу	1	1		2
2.4	Жеке оқу бағытын жоспарлау: мақсат, міндет, күтілетін нәтиже және қолдау түрлері	1	1		2
3	<b>Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру</b>				16
3.1	Үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау	1	1	1	3
3.2	Оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін реттеу және түсінік жазба дайындау	1	1	2	4
3.3	Оқу бағдарламаларын іске асыру: жалпы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламалары	2	2	1	5
3.4	Үйде оқыту жағдайында сабақ кестесін құрастыру: оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы және білім алушының денсаулық жағдайын ескеру	1	2	1	4
4	<b>Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі</b>				14
4.1	Үйде оқыту жағдайындағы қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері	1	2	1	4
4.2	Оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырмалар әзірлеу: оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек және қадамдық нұсқау	1	1	2	4

4.3	Білім салалары бойынша үйде оқыту әдістемесі: тілдік, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар	2		2	4
4.4	Үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану	1	1		2
<b>5</b>	<b>Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс</b>				<b>12</b>
5.1	Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	1	1	1	3
5.2	Қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және дескриптор құрастыру	1	1	1	3
5.3	Даму динамикасын мониторингтеу: бақылау картасы, жетістік картасы, мониторинг парағы	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен кері байланыс, кеңес беру, тоқсандық есеп және ППҚҚ отырысына ұсыныс дайындау	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу</b>				<b>10</b>
6.1	Үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу: өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі	1	1		2
6.2	Жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі және оқу нәтижелерін тіркеу	1	2	1	4
6.3	Психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау	2	1	1	4
<b>Барлығы</b>		<b>26</b>	<b>25</b>	<b>21</b>	<b>72</b>

**80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Видеосабақтар	Вебинар	Тыңдаушының өзінің жұмыстары	Барлығы
1	<b>Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері</b>				12
1.1	Үйде оқытуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері: заңдар, бұйрықтар, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары	1	1	1	3
1.2	Үйде оқытуға жіберу алгоритмі: ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық	1	1	1	3
1.3	Үйде оқыту процесіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі	1	1	1	3
1.4	Үйде оқытуды ұйымдастырудағы ата-анамен келісім, жауапкершілік және этикалық өзара әрекет	1	1	1	3
2	<b>Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау</b>				12
2.1	Үйде оқитын білім алушының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін талдау	1	1	1	3
2.2	Білім алушының пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін және оқу қиындықтарын анықтау	1	1	1	3

2.3	Білім алушының жеке қолдау қажеттіліктерін және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын белгілеу	1	2		3
2.4	Жеке оқу бағытын жоспарлау: мақсат, міндет, күтілетін нәтиже және қолдау түрлері	1	2		3
<b>3</b>	<b>Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру</b>				<b>16</b>
3.1	Үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау	1	1	1	3
3.2	Оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін реттеу және түсінік жазба дайындау	1	2	1	4
3.3	Оқу бағдарламаларын іске асыру: жалпы, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламалары	2	2	1	5
3.4	Үйде оқыту жағдайында сабақ кестесін құрастыру: оқу жүктемесі, сабақ ұзақтығы және білім алушының денсаулық жағдайын ескеру	1	2	1	4
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі</b>				<b>16</b>
4.1	Үйде оқыту жағдайындағы қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері	1	2	1	4
4.2	Оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырмалар әзірлеу: оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек және қадамдық нұсқау	1	2	1	4
4.3	Білім салалары бойынша үйде оқыту әдістемесі: тілдік, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар	2	2	1	5
4.4	Үйде оқытуда цифрлық, интерактивті және ассистивтік құралдарды қолдану	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс</b>				<b>12</b>
5.1	Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	1	1	1	3
5.2	Қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және дескриптор құрастыру	1	1	1	3
5.3	Даму динамикасын мониторингтеу: бақылау картасы, жетістік картасы, мониторинг парағы	1	1	1	3
5.4	Ата-анамен кері байланыс, кеңес беру, тоқсандық есеп және ППҚҚ отырысына ұсыныс дайындау	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу</b>				<b>12</b>
6.1	Үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу: өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі	1	2	1	4
6.2	Жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі және оқу нәтижелерін тіркеу	1	2	1	4

6.3	Психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау	2	1	1	4
<b>Барлығы</b>		26	31	23	80

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Жалпы білім беру ұйымдарында үйде оқытуды тиімді ұйымдастыру: оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау және құжаттама жүргізу» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылымды, практикаға бағытталған форматтарды және заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыру көлемі:

72, 80 академиялық сағат

Оқыту формалары:

Аудиториялық, күндізгі формат: дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен, тыңдаушылардың белсенді талқылауы және практикалық тапсырмаларды орындауы арқылы жүргізіледі.

Қашықтан оқыту форматы: бейнесабақтар, вебинарлар, онлайн ортадағы тапсырмалар, әдістемелік қолдау және қорытынды аттестаттау онлайн форматта ұйымдастырылады.

Оқу процесінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

**Бейнесабақтар:** әр модуль бойынша асинхронды лекциялық блоктар, презентациялармен, сызбалармен, әдістемелік түсініктемелермен және үйде оқытуды ұйымдастыру тәжірибесінен алынған нақты мысалдармен қамтамасыз етіледі.

**Вебинарлар:** оқытушымен синхронды онлайн кездесулер, онда үйде оқытуға қатысты практикалық кейстер, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын іске асыру, сабақ кестесін құрастыру, бағалау және құжаттаманы рәсімдеу мәселелері талқыланады.

**Дәрістер:** үйде оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, бағалау, мониторинг және құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша теориялық және әдістемелік материалдар беріледі.

**Практикалық сабақтар:** тыңдаушылар оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, түсінік жазба дайындау, оқу бағдарламаларын іске асыру жолдарын анықтау, үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлеу, сараланған тапсырмалар құрастыру, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, мониторинг парағын толтыру және оқу нәтижелерін тіркеу бойынша тапсырмалар орындайды.

**Семинарлар:** үйде оқыту процесіндегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі, ата-анамен өзара әрекет, ППҚҚ отырысына ұсыныс дайындау, оқу жетістіктерін бағалау және құжаттаманы рәсімдеу мәселелері бойынша талқылау, тәжірибе алмасу және пікірталас форматында өткізіледі.

**Тыңдаушының өзіндік жұмысы:** нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс жасау, нақты кейстерді талдау, оқу бағдарламаларын салыстыру, сараланған тапсырмалар әзірлеу, бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру, оқу нәтижелерін мониторингтеу құралдарын дайындау арқылы ұйымдастырылады.

**Қорытынды аттестаттау:** модульдер мазмұны бойынша тестілеу, практикалық тапсырмаларды орындау, кейсті талдау немесе үйде оқытылатын білім алушыға арналған оқу-әдістемелік және құжаттамалық материалдарды презентациялау түрінде жүргізіледі.

**Бақылау және кері байланыс түрлері:**

- әр модуль бойынша ағымдағы практикалық тапсырмалар;
- оқу жоспары, оқу бағдарламалары, ҚМЖ, бағалау және құжаттама бойынша шағын практикалық жұмыстар;
- онлайн-платформа, форум немесе қолдау чаттары арқылы әдістемелік сүйемелдеу;
- қорытынды жұмысты сараптамалық бағалау;
- тыңдаушыларға жеке және топтық кері байланыс беру.

**Қашықтан оқытуға арналған техникалық жағдайлар:**

- білім беру платформаларына қолжетімділік: Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams және басқа платформалар;
- вебинарларды өткізу үшін Zoom немесе Google Meet платформаларын қолдану;
- цифрлық оқу контенті: бейнематериалдар, презентациялар, нормативтік-әдістемелік ресурстар, тапсырмалар үлгілері, бағалау және мониторинг құралдары;
- тыңдаушылардың онлайн тапсырмаларды орындауына және кері байланыс алуына мүмкіндік беретін цифрлық орта.

**7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік, практикаға бағытталған оқыту, рефлексиялық тәсіл және тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін өзектілендіру қағидаларына негізделген.

Бағдарлама өзара байланысқан алты модульден тұрады. Әрбір модуль үйде оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздерін меңгеруге, оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын дұрыс қолдануға, сабақ кестесін құрастыруға, ҚМЖ мен сараланған тапсырмалар әзірлеуге, бағалау мен мониторинг жүргізуге және құжаттаманы рәсімдеуге бағытталған дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіледі.

Оқу-әдістемелік материалдар директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және ППҚҚ мамандарының кәсіби рөлдері мен практикалық міндеттерін ескере отырып әзірленеді.

Әрбір модульдің әдістемелік құрылымы

*Теориялық блок*

- Презентациялармен қамтамасыз етілген дәрістер және бейнесабақтар;

- авторлық түсініктеме мәтіндері және нормативтік-құқықтық базадан үзінділер;
- үйде оқытуды ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы бұйрықтар, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары және әдістемелік ұсынымдар;
- ұсынылатын әдебиеттер мен нормативтік-әдістемелік ресурстар тізімі.

#### *Тәжірибеге бағытталған блок*

- Үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік кейстер;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу үлгілері;
- оқу жүктемесін негіздеуге арналған түсінік жазба үлгілері;
- оқу бағдарламаларын іске асыру жолдарын талдауға арналған кестелер;
- үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлеу үлгілері;
- сараланған тапсырмалар, визуалды тіректер, қадамдық нұсқаулар;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу үлгілері;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлар;
- мониторинг парағы, бақылау картасы және жетістік картасы үлгілері;
- психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау үлгілері.

#### *Бақылау-бағалау блогы*

- Жеке және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар;
- өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар;
- практикалық кейстерді талдау;
- оқу жоспары, оқу бағдарламасы, ҚМЖ, бағалау және құжаттама бойынша шағын практикалық жұмыстар;
- өзін-өзі бағалау критерийлері: чек-парақтар, құзыреттіліктерді дамыту матрицалары, рефлексия парақтары, қысқа диагностикалық тесттер.

#### *Жалпы дидактикалық сүйемелдеу*

- Материалдардың әр түрімен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- модульдер бойынша жеке оқу траекторияларын құру мүмкіндігі;
- LMS-платформасында электрондық курсқа қолжетімділік: Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams және басқа платформалар;
- дәрістер мен презентациялар;
- нормативтік-құқықтық база;
- тапсырмалар мен үлгілер;
- рефлексиялық құралдар;
- үйде оқытуды ұйымдастыруға арналған оқу-әдістемелік материалдар;
- чаттар, консультациялар, форумдар арқылы тыңдаушыларды әдістемелік сүйемелдеу;

- бағалау критерийлері, практикалық жұмыстарды бағалау парақтары, чек-парақтар және рубрикаторлар.

### **Модульдік оқу-әдістемелік мазмұны**

#### **Модуль 1. Үйде оқытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері**

Материал: үйде оқытуды ұйымдастыру алгоритмі: ДКК қорытындысы, ата-ананың өтініші, ПМПК ұсынымы, мектепшілік бұйрық, оқу процесін ұйымдастыру реттілігі.

Интерактив: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер және ППҚҚ мамандарының рөлі мен жауапкершілік аймағын бөлу картасы.

Өзін-өзі бағалау: «Үйде оқытуды ұйымдастырудағы менің жауапкершілік аймағым» чек-парағы.

Тапсырма: үйде оқытуға жіберу және оқу процесін бастау алгоритмін құрастыру.

#### **Модуль 2. Үйде оқитын білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдау және жеке оқу бағытын жоспарлау**

Материал: білім алушының денсаулық жағдайын, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін, пәндер бойынша бастапқы оқу деңгейін талдауға арналған кесте.

Интерактив: кейс бойынша білім алушының оқу қиындықтарын және жеке қолдау қажеттіліктерін анықтау.

Өзін-өзі бағалау: «Білім алушының оқу мүмкіндіктерін талдаудағы сенімділік шкаласы».

Тапсырма: білім алушының жеке оқу бағытын жоспарлау: мақсат, міндет, күтілетін нәтиже және қолдау түрлерін белгілеу.

#### **Модуль 3. Оқу жоспары, оқу бағдарламалары және сабақ кестесін құрастыру**

Материал: №500 бұйрық негізінде үйде оқитын білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын талдау кестесі.

Интерактив: жалпы, жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламаларын салыстыру.

Өзін-өзі бағалау: «Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын ажырату деңгейім» чек-парағы.

Тапсырма: оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу жүктемесін негіздеу және сабақ кестесін құрастыру.

#### **Модуль 4. Үйде оқытудағы сабақ жоспарлау, саралау және оқыту әдістемесі**

Материал: үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ құрылымы, оқу мақсатын даралау және сараланған тапсырма әзірлеу үлгілері.

Интерактив: оқу материалын құрылымдау, визуалды тірек және кадамдық нұсқау әзірлеу.

Өзін-өзі бағалау: «Сараланған тапсырма әзірлеудегі кәсіби дайындық деңгейім» рефлексия парағы.

Тапсырма: тілдік, жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша үйде оқитын білім алушыға арналған ҚМЖ және сараланған тапсырмалар әзірлеу.

### **Модуль 5. Үйде оқитын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингтеу және ата-анамен жұмыс**

Материал: қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, дескриптор құрастыру және мониторинг жүргізу үлгілері.

Интерактив: БЖБ немесе ТЖБ тапсырмасын білім алушының жеке мүмкіндігіне сәйкес талдау және бейімдеу.

Өзін-өзі бағалау: «Бағалау мен мониторинг жүргізудегі сенімділік шкаласы».

Тапсырма: бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру, мониторинг парағын толтыру және ата-анамен кері байланыс үлгісін дайындау.

### **Модуль 6. Үйде оқыту бойынша құжаттама және оқу нәтижелерін рәсімдеу**

Материал: үйде оқыту бойынша негізгі құжаттаманы рәсімдеу үлгілері: өтініш, ДКК қорытындысы, ПМПК ұсынымы, бұйрық, оқу жоспары, сабақ кестесі, есепке алу журналы, мұғалімнің жұмыс күнделігі.

Интерактив: оқу нәтижелерін тіркеу және даму динамикасын сипаттау бойынша практикалық жұмыс.

Өзін-өзі бағалау: «Құжаттаманы рәсімдеу және оқу нәтижелерін ұсыну дағдыларым» чек-парағы.

Тапсырма: психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау.

#### **Оқу материалдарының форматтары:**

Оқу материалдары тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесіне, оқыту форматына және практикалық тапсырмаларды орындау қажеттілігіне сәйкес әртүрлі форматта ұсынылады:

- PDF-брошюралар, әдістемелік ұсынымдар, интерактивті кестелер және үлгілер;
- Google Docs, Google Sheets форматындағы оқу жоспары, сабақ кестесі, мониторинг және есеп үлгілері;
- бейнетүсіндірмелер, презентациялар, глоссарийлер және терминологиялық анықтамалар;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын талдау, ҚМЖ әзірлеу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу бойынша нұсқаулықтар;
- тыңдаушылардың әртүрлі кәсіби рөліне сәйкес қолжетімді форматтағы материалдар;
- нормативтік құжаттар бойынша екі тілді ресурстар: қазақша-орысша терминология, бұйрықтардан үзінділер, түсіндірме кестелер.

#### **Қорытынды әдістемелік сүйемелдеу**

Қорытынды кезеңде тыңдаушыларға практикалық тапсырмаларды орындау және оқу нәтижелерін ұсыну бойынша әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Қорытынды әдістемелік сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

- үйде оқытылатын білім алушыға арналған оқу процесін ұйымдастыру бойынша практикалық жұмысты дайындауға консультация беру;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, сабақ кестесін құрастыру және түсінік жазба дайындау бойынша қолдау көрсету;
- оқу бағдарламаларын іске асыру, жеке оқу бағытын жоспарлау және сараланған тапсырмалар әзірлеу бойынша әдістемелік көмек;
- ҚМЖ, бағалау критерийлері, дескрипторлар, мониторинг парағы және ата-анамен кері байланыс үлгілерін рәсімдеу бойынша сүйемелдеу;
- психологиялық-педагогикалық мінездеме, даму динамикасы бойынша есеп және жылдық қорытынды дайындау бойынша кеңес беру.

**Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:**

<b>Критерийлер</b>	<b>Бағаланатын аспектілер</b>	<b>Бағалау шкаласы (мысал)</b>
Модуль мазмұнын түсіну	Тақырыптың негізгі ұғымдарын, нормативтік негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін білу	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім
Практикада қолдану мүмкіндігі	Оқылған материалды өз қызметінде қолдану қабілеті	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін
Әрекеттегі сенімділік	Диагностикалық, түзете, әдістемелік міндеттерді орындаудағы сенімділік	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану	Шаблондарды, нормативтік актілерді, ЖББ, чек-парақтарды, цифрлық ресурстарды қолдану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық өзара әрекеттесу	Ынтымақтастыққа дайындық, ППҚҚ жұмысына қатысу, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін

Рефлексия және даму	Өз қызметін талдау және өсу мақсаттарын қою қабілеті	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын
---------------------	--	--

### **Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау формалары**

Өзін-өзі бағалау – бағдарламаның маңызды компоненті. Ол директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және ППҚҚ мамандарының рефлексиялық дағдыларын дамытуға, үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша кәсіби әрекеттерін талдауға және оқу барысында жеке өсу динамикасын түсінуге бағытталған.

Өзін-өзі бағалау құралдары әр модуль бойынша және бағдарламаның қорытынды бөлімінде ұсынылады. Олар тыңдаушылардың нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, бағалау және құжаттамалық құзыреттіліктерін саналы түрде талдауына мүмкіндік береді. Барлық материалдар оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамына енгізіліп, қолдану бойынша қысқаша нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

Модульдер аясындағы өзін-өзі бағалаудың кезеңдік формалары

Модульдік чек-парақтар

Тыңдаушы әр модуль бойынша негізгі түсініктер мен дағдыларды меңгеру деңгейін бағалайды. Чек-парақтар Google Forms, Word немесе қағаз форматында ұсынылуы мүмкін.

«Жеке жетістіктер парағы»

Форматы: «дейін/кейін». Тыңдаушы модульді оқуға дейінгі және кейінгі кәсіби дайындық деңгейін белгілейді. Бұл жеке прогресті көруге және нақты даму аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Үйде оқытуды ұйымдастыру құзыреттілігі картасы

Бұл карта тыңдаушының негізгі кәсіби әрекеттерін бағалауға арналған: нормативтік құжаттарды қолдану, оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын ажырату, сабақ кестесін құрастыру, ҚМЖ әзірлеу, тапсырмаларды саралау, бағалау және мониторинг жүргізу, құжаттаманы рәсімдеу.

Рефлексиялық күнделік

Тыңдаушы бағдарлама барысында туындаған қиындықтарын, түсінген жаңа ақпараттарын, кәсіби тәжірибесінде қолдануға болатын идеяларын қысқаша жазып отырады. Бұл құрал еркін форматта жүргізіледі және тыңдаушының кәсіби ойлануын дамытуға бағытталған.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі

Әр модульдің соңында немесе бүкіл бағдарлама аяқталғаннан кейін толтырылады. Тыңдаушы әрі қарай жетілдіруді қажет ететін бағыттарын белгілейді: нормативтік сауаттылық, оқу бағдарламаларын іске асыру, тапсырмаларды саралау, БЖБ/ТЖБ бейімдеу, мониторинг, ата-анамен жұмыс немесе құжаттаманы рәсімдеу.

Оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды өзін-өзі бағалау

Сенімділік рейтингі

Тыңдаушы бағдарламаның негізгі блоктары бойынша кәсіби әрекеттерді орындаудағы сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала арқылы бағалайды:

- үйде оқытуды ұйымдастыру алгоритмін түсіну;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу;
- оқу бағдарламаларының түрлерін ажырату;
- үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлеу;
- сараланған тапсырмалар дайындау;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу;
- мониторинг жүргізу;
- құжаттаманы рәсімдеу.

### **Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру**

Тыңдаушы төмендегі сұрақтарға жауап береді:

- Бағдарламадағы қандай ақпарат мен үшін жаңа және маңызды болды?
- Үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша қандай дағдым күшейді?
- Мен өз жұмысымда қандай тәсілдерді қолдана бастаймын?
- Қай бағытта әлі де кәсіби даму қажет?
- Педагогтермен, ППҚҚ мамандарымен немесе ата-анамен жұмыста нені өзгерткім келеді?

### **Жеке кәсіби даму жоспары**

Тыңдаушы 3–6 айға арналған қысқа жеке даму жоспарын құрастырады. Онда келесі қадамдар белгіленеді: нормативтік құжаттарды тереңдетіп оқу, оқу бағдарламаларын талдау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу тәжірибесін жетілдіру, мониторинг құралдарын қолдану, әдістемелік материал әзірлеу немесе мектепшілік тәжірибе тарату.

#### *Ескерту*

Өзін-өзі бағалау қорытынды бағаға немесе сертификаттауға тікелей әсер етпейді. Ол тыңдаушының ішкі диагностикасы, саналы оқуы және кәсіби даму траекториясын құру құралы ретінде қолданылады. Өзін-өзі бағалау құралдары көрнекі әрі қолдануға ыңғайлы форматта ұсынылады: Google-кестелер, онлайн формалар, PDF-бланкілер, Word үлгілері. Қажет болған жағдайда материалдар тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес қолжетімді форматта беріледі.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

Бағдарлама аясындағы бағалау жүйесі ашықтық, объективтілік, қолданбалылық және кәсіби құзыреттілікті дамыту қағидаларына негізделеді. Бағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының, педагогтердің және ППҚҚ мамандарының үйде оқытуды ұйымдастыру, оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын іске асыру, бағалау, мониторинг жүргізу және құжаттаманы рәсімдеу бойынша кәсіби әрекеттерін меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Бағалау тек теориялық білімді тексерумен шектелмейді. Ол тыңдаушылардың нақты мектеп тәжірибесінде қолдана алатын практикалық дағдыларын: оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу, оқу бағдарламаларын

ажырату, сабақ кестесін құрастыру, ҚМЖ әзірлеу, сараланған тапсырмалар дайындау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, мониторинг жүргізу және оқу нәтижелерін рәсімдеу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

#### *Бағалау жүйесінің қағидалары*

Практикалық қолданбалылық – тыңдаушылардың меңгерген білімін нақты білім беру ұйымындағы үйде оқыту тәжірибесінде қолдана алу қабілеті бағаланады.

Құзыреттілік тәсіл – нормативтік-құқықтық сауаттылық, ұйымдастырушылық шешім қабылдау, оқу бағдарламаларын іске асыру, тапсырмаларды саралау, бағалау және командалық өзара әрекет құзыреттері ескеріледі.

Модульдік және кезеңдік бағалау – бағалау әр модульдің мазмұны бойынша ағымдағы тапсырмалар арқылы жүргізіледі және қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

Формалардың вариативтілігі – мини-тесттер, практикалық тапсырмалар, кейс талдау, кесте толтыру, құжат үлгісін рәсімдеу, сабақ жоспарын әзірлеу, бағалау құралдарын дайындау сияқты әртүрлі формалар қолданылады.

Рефлексия және өзін-өзі бағалау – тыңдаушылар өздерінің кәсіби дайындық деңгейін, даму аймақтарын және әрі қарай жетілдіру қажет бағыттарын анықтайды.

#### Бағалаудың түрлері мен әдістері

##### 1. Ағымдағы бақылау

Әр модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар келесі тапсырмаларды орындайды:

- негізгі ұғымдар, нормативтік талаптар және ұйымдастыру алгоритмдері бойынша мини-тесттер;
- үйде оқытуға жіберу алгоритмін талдау;
- оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу;
- оқу бағдарламаларының түрлерін салыстыру;
- сабақ кестесін құрастыру;
- үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлеу;
- сараланған тапсырмалар дайындау;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру;
- мониторинг парағын толтыру;
- психологиялық-педагогикалық мінездеме немесе даму динамикасы бойынша есеп үлгісін дайындау;
- ситуациялық кейстерді талдау;
- модульдік чек-парақтар арқылы өзін-өзі бағалау.

##### 2. Тыңдаушының өзіндік жұмысы

Тыңдаушының өзіндік жұмысы келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тапсырманың толық және нақты орындалуы;

- үйде оқыту курсының мазмұнына сәйкестігі;
- нормативтік талаптарды дұрыс қолдануы;
- ұсынылған шешімдердің практикалық құндылығы;
- білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескеруі;
- оқу жоспары, оқу бағдарламасы, сабақ кестесі, бағалау және құжаттама арасындағы байланысты дұрыс көрсетуі;
- дербестік, дәлелділік және кәсіби негізділік деңгейі.
- Өзіндік жұмысқа мысал ретінде оқу жоспары бойынша сағат бөлу, оқу бағдарламасын таңдау логикасын түсіндіру, ҚМЖ әзірлеу, сараланған тапсырма дайындау, БЖБ/ТЖБ тапсырмасын бейімдеу, мониторинг парағын толтыру, ата-анамен кері байланыс үлгісін әзірлеу ұсынылады.

#### *Қорытынды аттестаттау*

Қорытынды аттестаттау курс соңында тыңдаушылардың қорытынды жобаны қорғауы түрінде өткізіледі. Қорытынды жоба бағдарламадағы барлық модульдер бойынша меңгерілген білім, практикалық дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктердің интеграцияланған нәтижесі болып табылады.

Қорытынды жоба үйде оқытылатын білім алушының оқу процесін ұйымдастыруға қатысты нақты практикалық шешімдерді қамтиды және тыңдаушының оқу жоспары, оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ҚМЖ, бағалау, мониторинг және құжаттаманы рәсімдеу бойынша кәсіби дайындығын көрсетуге бағытталады.

#### Қорытынды жоба нұсқалары:

- үйде оқытылатын білім алушыға арналған оқу жоспары бойынша сағаттарды бөлу және түсінік жазба дайындау;
- сабақ кестесін құрастыру және оны оқу процесімен байланыстыру;
- оқу бағдарламасын іске асыру жолын негіздеу: жалпы білім беру бағдарламасы, бейімделген оқу бағдарламасы, жеке оқу бағдарламасы немесе арнайы оқу бағдарламасы;
- үйде оқыту жағдайына сәйкес ҚМЖ әзірлеу;
- сараланған тапсырмалар, визуалды тірек және қадамдық нұсқаулар дайындау;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндігіне сәйкес бейімдеу;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру;
- оқу жетістіктерін мониторингтеу парағын әзірлеу;
- ата-анамен кері байланыс үлгісін дайындау;
- ППҚҚ отырысына білім алушының оқу динамикасы бойынша ұсыныс әзірлеу;
- психологиялық-педагогикалық мінездеме немесе даму динамикасы бойынша есеп дайындау.

#### Жобаны қорғау формасы:

күндізгі немесе қашықтан форматта презентациялау;

жобаның үйде оқыту тәжірибесінде қолдану мүмкіндігін түсіндіру;  
қабылданған педагогикалық шешімдерді нормативтік және әдістемелік тұрғыдан негіздеу;

жоба нәтижелері бойынша рефлексия жасау және кәсіби тәжірибеде қолдану жолдарын көрсету;

Оқытушы немесе әдістемелік комиссияның сараптамалық бағалауы (критерийлер бойынша: негізделгендік, жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық қолданбалылығы, рәсімделуі).

Өзін-өзі бағалау бағаға емес, рефлексиялық ұстанымның дамуына және одан әрі кәсіби өсуге мотивацияның қалыптасуына әсер етеді.

Қорытынды жобаны бағалау критерийлері:

<b>Критерийлер</b>	<b>Ең жоғары балл</b>
Өзектілігі және кәсіби салаға сәйкестігі	10
Практикалық маңыздылығы және іске асырылу мүмкіндігі	10
Құрылымдық логикасы, толықтығы, нормативтік дұрыстығы	10
Әдістемелік сауаттылығы, үлгілерді (шаблондарды) қолдануы	10
Креативтілігі, педагогикалық икемділігі, бірегейлігі	10
<b>Қорытынды балл</b>	<b>50 балл</b>

Қосымша бағалау түрлері:

Тыңдаушының портфолиосы (қалау бойынша): орындалған тапсырмалар, презентациялар, жұмыс парақтары және рефлексия парақтарының жинағы.

Негізгі модульдер бойынша онлайн-тестілеу (1–4 модульдер): ұйымның шешімі бойынша жүргізіледі.

Қатысу/аяқтау сертификаты: барлық тақырыптарды меңгергенде, тапсырмаларды орындағанда және жобаны сәтті қорғаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың кәсіби дамудағы рөлі:

Бағдарламадағы бағалау тек білімді бақылау ғана емес, тыңдаушыны өзін-өзі дамыту, рефлексия жасау және кәсіби ұстанымын ұғыну процесіне белсенді түрде тартудың құралы болып табылады. Аралық және қорытынды бағалау жүйесінің арқасында тыңдаушы өз ілгерілеуін қадағалап, нақты кері байланыс алып, кәсіби өсу аймақтарын анықтай алады.

Қамтамасыз етілетін қолдау және қайта бағалау шаралары:

1. Кеңес беру және сүйемелдеу:	Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған
--------------------------------	--

	<p>тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерге ие:</p> <p>тьютормен қосымша жеке онлайн-консультациялар алу;</p> <p>бейнематериалдарға, шаблондарға және презентацияларға қайтадан қол жеткізу;</p> <p>тапсырмаларды орындау және қорытынды жұмысты бағалау критерийлері бойынша түсініктемелер алу.</p>
2. Тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт беру:	<p>Тыңдаушының өтініші немесе курс кураторының шешімі бойынша:</p> <p>жеке тапсырмаларды (мысалы, жоба, ЖББ, әдістемелік әзірleme) орындау мерзімін ұзарту (ең көбі 2 апта);</p> <p>ұйымдастырушының келісімі бойынша қорытынды қорғау немесе қайта тапсыру мерзімін кейінге ауыстыру.</p>
3. Қорытынды жұмысты қайта бағалау:	<p>Егер тыңдаушы қорытынды аттестациядан өтпесе (30 балдан төмен жинаса), ол келесі құқықтарға ие:</p> <p>жоба бойынша сарапшылардың ескертулерін ескеріп, қайта қорғауға;</p> <p>не балама тапсырманы орындауға (курс әдіскерімен келісу бойынша).</p>
4. Жартылай қайта оқыту:	<p>Айтарлықтай артта қалған жағдайда тыңдаушыға ұсынылады:</p> <p>жеке модульдер бойынша қайта оқыту (мысалы, тек 2 немесе 3 модуль);</p> <p>консультациялық сүйемелдеумен модуль тапсырмаларын қайта орындау.</p>
5. Академиялық шегерім (кейінге қалдыру) рәсімдеу:	<p>Ерекше жағдайларда (ауру, демалыс, отбасылық жағдайлар) тыңдаушы:</p> <p>курсты кейінгі топпен аяқтау үшін шегерім ала алады;</p> <p>өтілген модульдердің бір бөлігін сақтап (сағаттар есепке алынып), оқуды кейін жалғастыра алады.</p>

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақтылығын әрі практикалық қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және тыңдаушылардың курстан алған нәтижелерін нақты тәжірибеге енгізуіне бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары::			
жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету;	кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;	консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі қолдау форматтары:			
Жеке әдістемелік кеңес беру:	онлайн байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); ЖББ іске асыру, құжаттаманы жүргізу, ППҚҚ шеңберіндегі өзара әрекеттесу мәселелері бойынша қолдау; тыңдаушылардың педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар.		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар::	курс аяқталғаннан кейін 1–2 айдан соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылардың сәтті енгізген кейстерін талдау; білімді практикада қолдану кезінде туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беру.		
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа (Telegram, WhatsApp, Google-топтар) қолжетімділік; шаблондармен, құжаттармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу;		

	горизонталды тәлімгерлікті ынталан дыру (peer-to-peer қолдау).
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, шаблондарды, нұсқаулықтарды тұрақты жаңарту; жаңа әдебиет, жарияланымдар және іс-шаралар бойынша ұсыныстар.
Қорытынды енгізуді ерікті супервизиялау:	өз бағдарламаларын диагностикалау және рефлексиялауға ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын іске асыруды сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен педагогикалық әсерлерді талдау.
<b>Қолдау әдістері:</b>	
жеке сұраныстарға жауаптар);	практика мен нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;	топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.
Ұзақтығы және форматы:	курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.
Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;
	ЖББ , ЖОЖ дұрыс құжаттама формаларын тәжірибеге белсенді енгізу;
	кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;
	рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсу.

### 10.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

#### Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

- Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>
6. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
7. Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы (26.06.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (25.04.2025 ж. № 271 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
10. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191>
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 тіркелген. Педагогтердің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (30.04.2025 ж. № 98 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>
12. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің

2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027505>

13. "Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020744>
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (28.06.2024 ж. № 165 бұйрығы редакциясында). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>
15. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>
16. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

### **Негізгі әдебиеттер**

17. Куттыбаева Ж.К., Баймуратова А.Т. Обучение на дому детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 72 с.
18. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды жалпы білім беретін мектепте оқытуға арнайы жағдайларды жасау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілер: әдістемелік ұсыныстар/ Аханова Ж.Б. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024, 67 бет
19. Елисеева И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 65 с.
20. Мектептегі оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық диагностикасы: әдіс. ұсыныстар/ Ерсарина А.К. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024.- 80 б.
21. Ерсарина А.К., Ержолова Ж.А. Организационно-методические основы деятельности психолого-медико-педагогических консультаций: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 81 с.
22. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод.

- рекомендации/ Егорова Е.В., Сергеева Н.В., Култаев Д.Х. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с.
- 23.Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 128 б.
- 24.Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерін дамыту бойынша (мәдениет, саясат, практика) әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 192 б.
- Қосымша әдебиеттер
- 25.Оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі мектеп әкімшілігіне арналған әдістемелік нұсқаулық. Астана. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 58 б.
- 26.Особенности применения мультимедийных технологий для детей с особыми образовательными потребностями: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С., Альжанова Д.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 60с
- 27.Инклюзивті білім беру ортасы жағдайында цифрлық технологияларды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 160 б
- 28.Black E.W., Ferdig R.E., Fleetwood A., Thompson L.A. Hospital homebound students and K-12 online schooling // PLOS ONE. – 2022. – Vol. 17(3). – e0264841.
- 29.Forbes A. Homebound Instruction is a Special Education Service Too! Where Does Adapted Physical Education Fit In? // PALAESTRA. – 2023. – Vol. 37(4).
- 30.Zirkel P.A. The Multiple Legal Meanings of “Home Instruction” for Students with Disabilities // Journal of Special Education Leadership. – 2023. – Vol. 36(2).

